



## ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ – ЖАҢА СЕРПІНМЕН!

Кешегі ректорат мәжілісінде университет басшысы Ғалым Мұтанов барша ҚазҰУ ұжымын даму мен ізденіске, жауапкершілік пен нәтижеге бағытталған бөлсенді қызметке үндеді. Өткен 2012-2013 оқу жылы жарқын жетістіктерге толы болды. Ал енді жаңа оқу жылына нық жоспармен аяқ басуымыз шарт. Осы тұста ғылыми инновациялық қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов кафедралар мен факультеттердің бәсекелік артықшылықтарына негізделген серпінді жобаларын нақтылады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын басшылыққа алған ҚазҰУ отандық білім беру жүйесіне инновациялық тәсілдерді, шешімдер мен құралдарды қарқынды енгізу мақсатында серпінді жобаларды қолға алғаны белгілі. Бұл жолда оқытушы-профессорлар құрамының білімі мен білігі, мол тәжірибесі мен биік деңгейі зор мүмкіншіліктерге жол ашпақ. Проректор Тілекқабыл Сәбитұлы кафедралар мен факультеттердің үздік серпінді жобаларына кеңінен тоқталды.

Ең айшықты жобалардың бірі ретінде физика-техникалық факультеті магистранттарының қатысуымен жүргізілетін қазақстандық наноспутник жасау жобасы тілге тиек болды. Олар енді өздеріне артылған зор жауапкершілікті сезіне отырып, Токио университетінде теориялық біліммен шектелмей, наноспутник жасауға қажетті өндірістік тәжірибелерге қанығатын болады.



Әрбір факультеттің серпінді жобаларын жеке-жеке сипаттай келе, проректор ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті күшейтудің маңыздылығын атап айтты. Сонымен қатар ол кафедралар мен факультет жобаларының жіті қадағалаудан өткенін ескертті. Ал бұл маңызды міндетке жауапкершілікпен қарағандарды

үлгі ете, салғырттық танытқандарды сынға алды. Себебі, серпінді жобалардың сәттілікпен іске асуы Елбасы жолдауын жүзеге асыруға, еліміздің жарқын болашағына ҚазҰУ-дың қосқан өзіндік үлесі болмақ.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## ИНДИКАТИВТІ ЖОСПАР ЖЕТІЛЕ ТҮСПЕК



Индикативті жоспардың университет үшін стратегиялық маңызы зор. Ол – алға қойылған нақты мақсаттарды іске асыру көрсеткіші. Дүйсенбілік ректорат отырысында оқытушы-профессорлар құрамының, кафедралар мен факультеттердің индикативті жоспарларының 2013-2014 оқу жылындағы қалыптасуы маңызды мәселелер қатарында қаралды.

«Университеттің индикативті жоспарының нақтылығы - оқытушы- профессорлар құрамының, кафедра және факультеттің индикативті жоспарының дұрыс толтырылуымен тікелей байланысты», – деді бұл жайлы сөз алған рейтинг және сапаны басқару жөніндегі бөлім басшысы Жандос Байжұма. Сонымен қатар ол биылғы индикативті жоспардың бағыттарына тоқталды. Ол биыл оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және инновациялық, халықаралық ғылым мен білім беру, әлеуметтік-тәрбиелік бағыттардан, серпінді жобалар бойынша көрсеткіштерден тұратын болады.

Сондай-ақ бөлім басшысы индикативті жоспарды жетілдіру үшін ұсыныстармен бөлісуге шақырды. ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов университет қызметінің айнасы болып отырған индикативті жоспарға жауапкершілікпен қарап, оның көрсеткішін нығайту және толтырудың тиімді жолдарын қарастыруды тапсырды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

БҮГІНГІ САНДА:

«АТТИЛА» ОРТАЛЫҒЫ  
ҚЫЗМЕТ ЕТУДЕ



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

БІЗДІҢ БУЫН –  
«ҚАЙСАРДЫҢ  
ҚАҒАНАТЫ»



7-бет

БҮГІНГІ САНДА:

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСТЫ  
ҚАЛАЙ ӨТКІЗДІҢ,  
ЗАМАНДАС ?!



8-бет

## «Аттила» орталығы қызмет етуде

Осы жылдың шілде-тамызында дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының меңгерушісі, «Аттила» орталығының жетекшісі профессор Қ.Т. Жұмағұлов Германиядағы Тюбинген университетінде іс-сапармен болып қайтты. Ол бұл елге Қазақстанның ежелгі және орта ғасырлар тарихына тікелей қатысы бар ерте кезеңдегі түркі тарихы бойынша сирек кездесетін деректер мен мәліметтерді анықтау мақсатында «Мыңжылдық көкжиегі» аталған Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде жіберілді.

ҚазҰУ профессоры Тюбинген университетінің (1477 ж. құрылған) бай кітапханасының қорларында басым көпшілігі IV-V ғасырларға, яғни Ғұн империясының Батыстағы көркеу кезеңіне қатысты ғұндардың тарихы бойынша сирек кездесетін деректік мәліметтерді жинақтады. Бұл – басым жағдайда латын мен грек тілдерінде жазылған кейінгі антикалық кезең мен орта ғасырлардың хроникалары. Осы жерде ең алдымен, Пифей (Pythaeas), Аполинарий Сидоний (Apolinarius Sedonius), Амброзий (Ambrosius

тарихнамада да айрықша көңіл бөлініп зерттелмеген. Ал іс жүзінде нақты осы сирек кездесетін деректер еуразиялық тарихтың күрделі мәселелерін қайта ашуға мүмкіндік береді.

Біздің ғалымның скандинав тілдерінде тапқандеректері айрықша маңыздылыққа ие. Бұл топқа, ең алдымен, ғұндар мен олардың билеушісін баяндайтын сагалар жатады (оларда ол Attila, Etzel, Atzel, Atli деп аталынады). Профессор Қ.Т. Жұмағұлов ғұндардың тарихымен қатар, VI-VIII ғғ. Авар қағанаты бойынша тарихи деректерді анықтап, көшірмелерін әкелді.



Mediolanensis), Олимпиадор (Olympiodorus), Геродиан (Herodian), Гидаций (Hydatius Lemicus), Орозий (Paulus Orosius), Приск Панийский (Priskus Panites), Проспер Тиро (Prosper Tiro), Клавдий Клавдиан (Claudius Claudianus), Исидор Севильский (Isidorus Hispalensis), Виктор Тонноненский (Victorius Tonnonensis), Беда (Beda) және басқа да антикалық пен орта ғасырлық авторлардың хроникаларын атап өту керек.

Профессор Қ.Т. Жұмағұлов атап өткендей, осы кезеңнің құнды деректері ретінде хроникалармен қатар, Рим империясының ғұндармен өзара қарым-қатынастарын сипаттайтын Рим папаларының әртүрлі қызметтері бойынша мұрағаттар мен материалдар кездеседі. Олар өкінішке орай орыс тілді әдебиетті айтпағанның өзінде, шетелдік

Аварлар бұл – түркі тегінен шыққан орталықазиялық тайпалардың одағы. Латын деректерінде оларды Avari, Aavares деп атайды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ғалымының латын, герман мен скандинав тілдерінде жинақтаған сирек кездесетін құжаттары мен мәліметтері ерте кезеңдегі Қазақстан тарихының аз зерттелген тұстарын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы мен «Аттила» орталығының мамандары осы мәліметтердің негізінде түркі әлемі мен Қазақстанның бай тарихын қайта ашып көрсету үшін зор жұмысты атқаруы керек.

Дүниежүзі тарихы,  
тарихнама және  
деректану кафедрасы

## СТАРТ ДАН!

Пять магистрантов КазНУ им. аль-Фараби отбывают в Японию для обучения и реализации проекта по созданию первого казахстанского наноспутника.



Этот уникальный проект проводится совместно с Токийским университетом в рамках Международного консорциума «UNIFORM Project», который в прошлом году вошел казахстанский вуз.

Магистранты механико-математического и физико-технического факультетов, прошедшие конкурсный отбор, получают в Токийском университете не только теоретические знания, но и практические навыки. Молодые ученые КазНУ будут участвовать во всех этапах производства и эксплуатации малых космических аппаратов – от замысла до обработки полетных данных в течение всего срока своего пребывания в Японском вузе. Они также будут работать над проектированием казахстанского наноспутника, который планируется собрать и протестировать на базе технопарка КазНУ в 2014 году, а затем запустить в космос с космодрома Байконур.

Отечественный наноспутник с наземной инфраструктурой будет использоваться как современный лабораторный научный практикум по управлению малыми космическими аппаратами для проведения съемок земной поверхности, приема и обработки информации.

Основной целью проекта является научно-образовательная составляющая, формирование научно-инновационной основы отечественной школы космических технологий, подготовка для страны высококвалифицированных специалистов в этой области,

создание космических аппаратов и соответствующей наземной инфраструктуры. Это, несомненно, повысит имидж независимого Казахстана как космической державы.

Магистранты поблагодарили руководство КазНУ за оказанное им доверие и создание благоприятных условий для полноценной учебы и научно-исследовательской деятельности. «Рады и горды тем, что нам посчастливилось учиться именно в КазНУ и участвовать в уникальном проекте по созданию первого в истории Казахстана отечественного наноспутника. Мы заверяем вас в том, что оправдаем надежды, возложенные на нас, и достойно представим КазНУ в японском университете», – отметил магистрант Нурсултан Досжан.

Наноспутники массой до 10 кг собираются из компонентов электроники потребительского назначения и имеют размеры с коробку для обуви, а низкая себестоимость позволяет разрабатывать такие аппараты в университетских лабораториях. В дальнейшем в КазНУ предполагается наладить малосерийное производство наноспутников широкого назначения, эти разработки будут представлены на выставке «ЭКСПО-2017». В этом направлении КазНУ активно сотрудничает с вузами США, Германии, Японии и Кореи в рамках Международного консорциума «UNIFORM Project».

Пресс-служба КазНУ

## «Кәсіпкерлікті бүгіннен баста!»

Жуырда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы, «Қазақстанның азаматтық альянсы», «Қазақстан кәсіпкер әйелдер одағының» бірлесуімен «Болашақ бүгіннен басталады» республикалық кампания аясында «Кәсіпкерлікті бүгіннен баста!» атты оқу семинары болып өтті. Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен өткен шара кәсіпкерлік қызметке деген оң көзқарасты қалыптастыру мен еліміздегі орта және шағын бизнесті мемлекеттік қолдауды насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Кәсіпкерлік – ұлттық экономикамыздың жетекші күші. Елбасы Н. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2030 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есеге өсуі тиіс» деп атап өткен болатын. Заң факультетінде ұйымдастырылған семинарды ашқан факультет деканы Д.Л. Байдельдинов осы мәселелерге тоқтала келе, оны жүзеге асыру жолдарын ұсынды. Ал азаматтық құқық және азаматтық іс-жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі С.Т. Тыныбеков кәсіпкерлікті жастар арасында

дәріптеудің маңыздылығын айтты.

Әсіресе, семинарға қатысушы студент, оқытушыларды кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау бағытындағы «Даму» қорының бағдарламасы қызықтырды. Алматы қаласы бойынша «Даму» фондының менеджері Рауан Райымбеков аталмыш қордың жаңадан іс бастаған кәсіпкерлерге қандай көмек, қолдау көрсететіндігі, бүгінде кәсіпкерлікте көп қолданылатын франчиза негізінде жасалатын азаматтық құқықтық шарттарды тиімді қолдану мәселелері төңірегіндегі сұрақтарға жауап берді.

Сондай-ақ «Қазақстан кәсіпкер

әйелдер одағының» аға маманы Светлана Каплина қаржы ресурстарына еркін қол жеткізу, бизнес жоспарды дұрыс құрастыру, қаржыны басқару, шағын және орта бизнесті ұйымдастыруда қызметкерлерді дұрыс таңдау, кәсіпкерлік қызметте жаңа технологияларды қолдану мәселелеріне кеңінен тоқталды.

Оқу формасында өткен іс-шарадан көпшілік қажетті жаңа ақпараттарға қанығып тарасты.

А.А. АБИКЕНОВ,  
азаматтық құқық және  
азаматтық іс-жүргізу,  
еңбек құқығы кафедрасы меңгерушісінің  
орынбасары,  
з.ғ.к., доцент

ҚазҰУ тарихшылары «Халық тарих толқынында» бағдарламасы аясында зерттеу жұмыстарын жасауда

## ҒАЛЫМ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

6 қыркүйекте әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Математика және механика ҒЗИ ұйымдастыруымен профессор Балтабек Қанғожиннің 60 жылдығына арналған ғылыми семинар өтті. Шараға ТМД ғалымдары, факультет ұстаздары мен студенттер атсалысты.

Профессор Балтабек Есмәтұлы – қазақ математикасындағы дифференциалдық операторлардың спектрлік теориясы бағытын дамытушылардың бірі. Ол 1975 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қолданбалы математика мамандығын бітірген. 1979-1982 жылдары М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің математика бөлімшесінің аспирантурасын тамамдаған. 1983 жылы Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде профессор В.А. Садовничийдің жетекшілігімен «Ратные задачи спектрального анализа дифференциальных операторов» атты тақырыпта физика-математика ғылымдарының кандидаты атағын, 2005 жылы докторлық диссертациясын қорғады.

Б.Е. Қанғожин 1975 жылдан бері

қасиетті қара шаңырақта қызмет атқарып келеді. 2008 жылдан 2011 жылға дейін математикалық талдау кафедрасына, 2012 жылдан бері іргелі математика кафедрасына жетекшілік етуде. Балтабек Есмәтұлы 2011 жылдан бастап «Анализ және оның қолданыстары мен есептеуі» бойынша халықаралық қоғамдастықтың мүшесі. Білікті ғалым 150-ден астам ғылыми еңбек, 2 монография, 6 оқулықтың авторы. Бүгінде ұлағатты ұстаз алыс-жақын шетелдерде арнайы курс жүргізіп, мол тәжірибесімен бөлісуде.

Сондай-ақ ғалым мерейтойына орай ұйымдастырылған отырыста q-анализіндегі классикалық Харди теңсіздігі, дифференциалды операторлар спектріндегі бірқатар бағалау түрлері және т.б. математика саласының маңызды мәселелері талқыланды.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА

## Семья сквозь призму гендерных исследований

В этом году в Казахстане 8 сентября впервые был отпразднован День семьи, введенный по указу Президента страны. Новый праздник создал диспут-площадку для обсуждения острых вопросов современности, связанных с изменением форм брака и семьи и их стабильностью, проблемами воспитания и нравственности молодежи, защитой интересов детей и прав родителей, развитием гендерной политики и достижением гендерного равенства. Их обсуждение с позиции научных подходов, их связи с социальными исследованиями, практическим решением проблем прошло 6 сентября 2013 года в рамках Круглого стола «Семья и общество в фокусе гендерных исследований и гендерной политики». Данное мероприятие было организовано по инициативе Комиссии по делам семьи и гендерной политики акимата г. Алматы, Центра гендерного образования и факультета философии и политологии КазНУ им. аль-Фараби.

В Круглом столе приняли участие специалисты (социологи, психологи, социальные работники, политологи и др.) в области семейных отношений и гендерной политики, представители общественных организаций, преподаватели, магистранты и студенты. Особую дискуссию вызвало обсуждение актуальной для вуза проблемы «хиджаба» и возможности религиозного экстремизма среди молодежи. Были высказаны конкретные предложения и рекомендации по укреплению семьи и брака как социальных институтов, гендерной социализации молодых людей, их социально-психологической подготовки к семейной жизни, в частности, выпускников детских домов, обеспечению баланса работы и семьи.

Н.У. ШЕДЕНОВА,

Директор Центра гендерного образования КазНУ им. аль-Фараби, д.социол.н., профессор кафедры социологии и социальной работы

## ОДИН НАРОД - ОДНА СТРАНА - ОДНА СУДЬБА

В новом учебном году колледж КазНУ, возглавляемый кандидатом педагогических наук, доцентом Р.О. Нуркановой, радушно распахнул двери для всех обучающихся разных специальностей, родителей и преподавателей. Для обучающихся третьих курсов первый урок стал символом их профессионального взросления. 2013-2014 учебный год начался с кураторского часа во всех группах на тему «Стратегия» Казахстана 2050: один народ - одна страна - одна судьба», согласно распоряжению Управления образования г. Алматы.

Целью данного кураторского часа являлось воспитание казахстанского патриотизма, обогащение знаний обучающихся о пути становления Республики Казахстан, формирование представления о прошлом и настоящем Республики Казахстан, развитие интереса к истории страны. Каждый куратор индивидуально разработал данный кураторский час, применив различные методики (дебаты, урок-брифинг, мини-конференции, «круглые столы», уроки – лекции и др.). Мною был проведен кураторский час в группе ПР-305 специальности «Правоведение», 3-й курс) в форме интеллектуальной игры «Знатоки Послания», где обучающиеся были разделены на 3 команды, и им были предложены вопросы по 5 категориям (экономика, политика и здравоохранение, образование, президент, разные вопросы). В ходе игры обучающиеся активно отвечали на поставленные вопросы и зарабатывали баллы. В конце были подведены итоги игры, и каждый желающий мог высказать свое мнение по поводу Стратегии «Казахстана - 2050».

В ходе беседы выяснилось, что обучающиеся активно поддерживают политику Главы нашего государства и гордятся, что живут в такой стране, как Казахстан, где все равны, где чувствуют о себе заботу государства, где все представители различных национальностей живут единой семьей.

Особую благодарность хочется выразить заместителю директора по воспитательной работе Аппаковой М.Н.,

которая обратилась к обучающимся со словами: «Я думаю, что Стратегия - 2050» очень важный документ, который в дальнейшем станет основой для развития нашей страны по экономическому, социальному, гуманитарному направлению. Я полностью согласна с Главой нашего государства о том, что в стране необходимо создать сеть государственно-частного партнерства для развития системы высшего и среднего образования, разработать многоступенчатую систему грантов на обучение, а также, что мы должны интенсивно внедрять инновационные методы, решения и инструменты в отечественную систему образования, включая дистанционное обучение и обучение в режиме онлайн, доступные для всех желающих. Я считаю, что сфера образования является одним из приоритетных направлений в развитии государства. Для будущего поколения внедрение современных методов и технологий, расширение доступности образования и повышения качества образования является гарантией развития Казахстана в дальнейшем». В заключение хочется сказать, что недавно Казахстан отметил День Конституции, и наша страна добилась впечатляющих успехов за короткий по историческим меркам период, и темпы ее развития будут расти только ввысь.

С.В. АЛЕКСЕЕВА,  
преподаватель колледжа  
КазНУ им. аль-Фараби

## «Денсаулық» фестивалі



7 қыркүйекте салауатты өмір салтын дамыту барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде қалалық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен жастарға салауатты өмір салтын ұстану мәдениетін қалыптастыруды насихаттау мақсатында дене шынықтыру жаттығуларын жасау акциясы өтті. Жаттығу жүргізу Университеттің спорт кешенінде өтіліп, біршама көңілді сергітерлік әндер шырқалып, билер биленді. Бұл дене шынықтыру акциясына екі мыңнан аса қазуулық студент қатысты.

Еліміздің әнұранымен басталған іс-шарада студенттер жаттығулар жасады. ҚазҰУ Жастар ұйымдары комитетінің төрағасы Нұрлан Әбдіқадыров өз сөзінде: «ҚазҰУ – еліміздегі көшбасшы жоғары оқу орындарының бірі. Біз осы университетте оқығанымызды мақтан ете тұра, «ҚазҰУ студенті» деген атқа лайық болуға тиістіміз» - деп студенттерді қолдап, оларға серпін берді, «Қазақстан, алға!», «ҚазҰУ, алға!» деген ұран сөздерімен студенттерді жігерлендірді. Акцияның ең қызықты сәті Алматы қаласындағы гимназиялардан келген оқушылар мен студенттер қатар ойындарға қатысып, күш сынасуы болды. Спорт кешенінің оқытушылары жастарға қолдау көрсетіп, арнайы орындар тағайындап, сыйлықтар ұсынды.

«Халықтың салауатты өмір салты мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі білімі мен хабардарлығын арттыра беру міндет. Халық арасында



спорттың бұқаралық сипат алуына және спортты насихаттауға ерекше ден қою керек...», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында айтқандай, өскелең ұрпақ - біздің ертеңіміз болғандықтан олардың спорттық білімдерін арттырып қана қоймай, осындай акцияларды көптеп ұйымдастыру жастардың салауатты өмір салтын дұрыс ұстануға өз септігін тигізері сөзсіз.

Дина ТӨЛЕГЕНОВА,  
Механика-математика факультетінің  
3-курс студенті

На юридическом факультете прошел обучающий семинар «Начни бизнес сегодня!» в рамках республиканской кампании «Будущее начинается сегодня!»



**Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ,**  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Биология және биотехнология факультеті  
Биофизика және биомедицина кафедрасының меңгерушісі,  
биология ғылымдарының докторы, профессор:

## Қазақ текті халық, қалай айтсақ та текті болуға тиісті де...

- *ҚазҰУ-дың биология факультеті елімізге белгілі биолог мамандарды дайындап отырған киелі шаңырақ. Әңгімемізді, өзіңіз жайлы бастасақ, Факультетке қалай келіп едіңіз?*

- Мен қазақтың көп балалары сияқты мектепті ауылда бітірдім. Осы күнге жеткенім ұстаздарымның берген білімінің жемісі деп білемін. Балаларға жанын салып білім берген педагогтар болатын. Менің дәл осы салаға келуіме негіз болған, білімге құштар еткен де сол ұстаздарым. Бүгінге дейін есімдері жадымда сақталған. Биологияға деген құштарлығым қазақ ауылындағы мектепте туған. Мен оқу бітіргенде медицинаға түсемін деген арман болатын.

Әкем соғыс ардагері еді, соғыстың кесірінен өмірден ертерек кетті. Анам сонау алыс ауылдан мені Алматыға оқуға алып келуге мүмкіндігі болмады. Ауылда Василий Беда деген орыс ұстасы болатын, сол кісі баласын ҚазПИ-ге әкелетін болып, мені анам Василий ағаға қосып жіберді. Алматыға Мединститутқа тапсыруға бардым, бірақ ондағы абитуриенттерді көріп менде үрей пайда болды. Сонымен ауылдан келген Боранбай деген досым ҚазМУ-дың математика факультетіне тапсырды, мен сонымен бірге ҚазМУ-ге келіп биология факультетіне тапсырған болатынмын. Міне, сол уақыттан бері осы киелі шаңырақтамын. Арасында Мәскеуге бармақ та болдым, оқуға шәкіртақымен қоса шақырту келді, өкінішке орай отбасы жағдайына байланысты бас тартуға тура келді. Бірақ осы күніме де еш өкінбеймін.

- *Кафедраларыңыздың жетістігі жайлы айтсаңыз...*

- Өзім бітірген, өзім аспирантурасында оқыған кафедрам - биофизика. Қазіргі күні атауы басқа, өрістері кеңейген биофизика және биомедицина деп аталады. Бұл өте күрделі, өте қызықты, өзінің бағытына сай кафедра. Біздің кафедра өзіміздің университетте туып, өсіп-өркендеп жатқан кафедра болып саналады, басқа университеттерде республика деңгейінде жоқ. Біздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқа оқу орындарынан айырмашылығы да осында.

Биофизика және биомедицина кафедрасының толағай табыстарына, нәтижелеріне бас бұрып айтар болсақ, соңғы уақытта ректорымыз болып,

ректорымыздың командасы болып, ұжым болып үлкен бір тәсілді енгіздік. Ол - индикативті жоспар, объективті тәсіл болып саналады және ұстаздардың барлық жұмысына әділ баға береді. Мысалы, ғылыми жұмысына, тәрбие жұмысына, оқу жұмысына. Ол тәсілдің осы университетте тұңғыш рет енгізілгені жақсы кезеңдеп айтуға болады. Себебі осы жұмыс арқылы қызметтегі мамандардың бағасын көрсетуге мүмкіндік туды. Жұмыс істейтін деген тұлғаларға ұмтылатын жағдай туды. Ал, жалқауларға бұл тәсіл өте жаман, оларға бұл тәсіл өте бір қатты соққы. Осылай болғаны өте дұрыс. Неге жұмыс істемейтіндер жұмыс істейтіндермен бірдей жалақы алуға тиіс?

Соңғы жылы біздің кафедраның ұжымы университет бойынша ғылыми жұмысы жағынан да, тәрбиесі тұрғысынан да бірінші орында. Ол біз үшін үлкен мәртебе, керемет жетістік.

- *Сіз физиология және биофизика саласында ғылыми зерттеу жобаларына басшылық ете отырып, көптеген дүниеге қол жеткізген ғалымсыз. Тіпті, мынау қазақтың тектілігі туралы көп толғанасыз. Енді осы тектілік туралы ғылым жөнінін тарқатып берсеңіз? Немесе ұсақталу турасында жастарға ақылыңызбен бөліссеңіз...*

-Тектілік - қазақтың жалпақ тілде айтылған өте мағыналы сөзі. Тектілік-ананың құрсағынан бастап бітетін қасиет, ананың сүтімен, тәрбиемен адамның бойына дариды. Текті кісінің болашағы зор, қоғамға пайдасы мол. Тексіз адам-адасқан адам. Қазақ текті халық, қалай айтсақ та текті болуға тиісті де.

- *Биологиялық өзгерістерге ұшырау, ұсақталу, ұлттың ұсақталуы деген мәселелерді қалай шешу керек?*

- Генетикаға биологиялық көзқараспен қараса, неғұрлым генетикалық жағынан айырмашылығы көп болса содан туған бала мықты болады. Мысалы, батысты азаматшасымен шығыстың азаматы шаңырақ көтерсе балалары мықты болады т.с.с. Біз өзімізді қалай сақтап қаламыз? Қазақтың өзінің специкалық, генетикалық картасы бар. Ол өзі бойымызда біткен нәрсе. Біз қазақпыз, біреуіміз қара болайық, біреуіміз сары болайық бәрібір-қазақпыз! Қазақ деген қанымыз болса,

қазақпыз деген сенім болса міне, бізге ең керегі сол. Ешкімге жамандық жасамай адал болсақ, өзімізді сыйлай білсек, басқалар да бізді сыйлайды. Қалай айтсақ та біз қазақпыз!

- *Ал, қоғам арасында үлкен мәселе тудырып отырған семіздік ауруының көбеюі неліктен? Алдын алу жолдары қандай?*

Бұл қоғамда орын алып отырған биомедикалық үлкен мәселе. Биомедикалық көзқараспен айтсақ, толу-қартаю және аурудың белгісі. Оның себептері:

- 1) аз қозғалып, тамақты көп ішу;
- 2) жасанды тамақты ішу;
- 3) натуралды тамақтан алшақ кету;

Сонымен біз салмақты көп алсақ, алған қуатымызды шығаруымыз қажет, ол үшін көп қимылдап, спортпен айналысып, суда жүзіп, уақытылы тамақтансақ салмағымыз қалыпты, денсаулығымыз мықты болады.

- *Студенттердің дұрыс тамақтануы, дұрыс ұйықтауы, демалу мәдениеті туралы да оқырмандарымызға пайдалы кеңестеріңізді, гигиеналық талаптарыңызды айтып өтсеңіз?*

- Қоғамда, отбасымызда белгілі бір реттік болуы тиіс. Ретсіздік қуатты жоғалтуға әкеп соқтырады. Табиғаттың өзінде реттік бар - таң атады, күн батады, гүлдер бір уақытта ашылады, бір уақытта жабылады, құстар бір уақытта оянып, бір уақытта жатады. Адамзат та табиғаттың бір бөлшегі. Ал, студенттер қауымына келетін болсақ, сағат 8.30-да сабақ басталады. Ертеңгісін сағат 7.00-де тұрса, таңғы жаттығуын жасап, таңғы асын ішіп сабаққа келсе, түске дейін сабақта болса, түсі асын ішіп, кішкене тынығып, қайта оқуына кіріссе, денсаулығына өте пайдалы болар еді. Студенттерге айтар кеңесім - бір жүйеге, бір реттікке шығуы тиіс. Ата-бабаларымыз айтқан «ауру қалса да, әдет қалмайды» деп, осы жүйені әдетке айналдыруымыз қажет.

- *Сондай-ақ, қазір дәріс кезіндегі үзілістерде студенттер де, оқытушылар да жиі тұтынатын фаст фуд тағамдары жайлы да ақпарат беріп өтсеңіз.*

- Фаст фуд тағамдарға қарсымын. Олар тез жасалынғанымен, сіңуі өте бау,

толықтыққа әкеледі. Қуат береді, бірақ сапасы жоқ қуат. Асханада оған төлеген ақшаны қарапайым шәй мен қара нанға май жағып жесек, арзан әрі тиімді болады. Табиғаттан алған тағамды көбейтуіміз тиіс. Бізге витаминдер керек деп жатамыз, витаминнің ең бірінші көзі - өсімдіктер. Ет те әмбебеп тағамдар қатарына жатады, тек етте шлактар көп болады, етті жеу керек және аз-аздан жеу керек. Студенттер асханасында тамақтың сапасына назар аудау қажет және өсімдіктен жасалған тағамдармен толтырылса, нұр үстіне нұр болар еді.

- *Алдағы уақытта қандай жоспарларыңыз, мақсаттарыңыз бар? Оқырмандарымызбен сыр ақтарып, ой бөлісе отырсаңыз.*

- Менің мақсатым білім қуып білімді болу, олай дейтінім мен білімді болсам шәкірттерім білімді деген сөз. Шаршамай, талмай денсаулықтың арқасында еңбек жасау.

Кейбіреулер "мен болдым, толдым" деп ойлайды. Ал білім жолымен жүрген кісі ешқашан да олай айтпайды. Біз аз білеміз, біздің білетініміз бір тоғыз, білмейтініміз тоқсан тоғыз.

Біздің ғылыми бағытымыз бар, соны ары қарай жалғастырсақ. Бағыт тұңғыш рет осы университетте туған хронобиология-хрономедицина, бүгінгі таңда бұл салада магистрлер, докторанттар, шетелдік әріптестермен бірге жұмыс жасап жатырмыз. Жақында Испанияда семинарда болдым. Мақтап-мадақтап жатты. Бұл біз үшін үлкен жетістік, бізді шетелдіктер жақсы жағынан танып жатса, арманымыздың бір бөлігі болсын орындалғаны емес пе?

Білімді жастар көп болып біздің бағытымызды ұстанса екен. Тек мемлекет деңгейінде емес, халықаралық деңгейде жүрсе бізге ең үлкен баға сол.

Бір қуана айтатын нәрсе бізде білімді жастар өте көп. Оған қарап келешегіміз кемелді, білікті жастарымыз мол болатынына сенеміз!

- *Сұхбаттасқаныңызға рахмет, сізге толайым табыстар, еңбегіңізге жеміс, ғылымдағы жолыңызға нұрлы шапағат тілейміз!*

Әңгімелескен  
Фарица ӘЛІПБЕК,  
Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

8 ҚЫРКҮЙЕК – ОТБАСЫ КҮНІ

**Баян ЕРМЕКБАЕВА,**  
Халықаралық экономикалық  
Еуразия Академиясының  
академигі,  
Қазақстанның еңбек сіңірген  
қайраткері,  
Экономика және бизнес Жоғары  
мектебінің деканы:

# «ОТБАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ОЛ – ОТАҒАСЫ»

*Биыл елімізде Президенттің Жарлығымен тұңғыш рет «Отбасы күні» аталып өтуде. Және бұл мереке алдағы уақытта әр жылдың екінші жексенбісі сайын тойланбақ. «Отбасы күні» қарсаңында тәжірибелі педагог, ғалым, Халықаралық экономикалық Еуразия Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Экономика және бизнес Жоғары мектебінің деканы Ермекбаева Баян Жүндібайқызымен әңгімелескен едік.*

**Баян Жүндібайқызы отбасы қасиетті ұғымына сіздің анықтамаңыз қандай?**

Отбасы – ол бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім беруі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын әміздері, т.б. қағидалары болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, өз құрылымы бар. Оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Отбасы – атадан, ападан, әкеден, баладан құралған кішкентай мемлекет десек, сол отбасы атты шағын мемлекеттің де басшысы болады. Яғни, ол – отағасы. Қазақта «үйлену оңай, үй болу қиын» деп айтып жатады. Әрине барлық жұптар ыстық ықыласпен, махаббатпен қосылады, бірақ, соны ары қарай алып кету, отбасының берекесін сақтап қалу әйел адамға байланысты. Әйел сол бірігіп жасалған отбасының стратегиялық дамуын жүзеге асырушы, отбасы берекесінің басты механизмі дер едім. Осы орайда қыздарыма, сіңлілілеріме баса айтатыным, ең алдымен, Құдай қосқан жан жолдасың мен балаларыңа жанұяның жылулығын, мейірімін, ыстығын, шуағын Ана себу керек. Үйдегі бар жылылыққа бастау болу керек. Барлық адам үйге кіріп келгенде ананың қас-қабағына қарайтыны анық. Сол себепті, отбасы берекесінің дәнекері – ана десек болады.

**Сіз үшін ер адамның отбасындағы ролі қандай?**

Әр отбасы – жеке мемлекет дедік. Бұл мемлекеттің іргетасын қалаушы, оны басқарушы, отағасы –

Әке. Отбасының рухани, материалдық жағынан құлдырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Ұлы күш пен сабырлықтың иесі болып табылатын – әке демеу болса, ана-ерекше мейірімділік пен махаббаттың көзі дейміз. Отбасымызда отағасы екеуіміз де жұмыстан кешке келеміз. Ол кісі жұмыстан келген соң демалып жатады, ал мен оған ашуланбаймын. Себебі, отағасы отанасынан бір саты жоғары дәрежелі болған соң, ер адамдарымыздың асқар таудай әкелік, ақылшы ағалық міндеттерін ұмытпағанымыз ләзім. Отбасының асқар тауына, жыраушысына айналған абзал әкелердің қоғамда да, өмірде де орындары ерекше. Ең бастысы отбасында түсіністік болу керек.

**Жұбайыңызбен отасқандарыңызға қанша уақыт болды? Отбасы болып қалыптасуда қандай қиындықтарды бастан өткердіңіздер?**

Аппаз Әбдіқадырұлы атты өте жақсы, адал азаматпен бас қостым. Отасқанымызға биыл міне 40 жыл толады, Құдайға шүкір. Жолдасым мединститутта 7 жыл, ал мен Халық шаруашылығы институтында (бүгінгі ҚазЭУ) білім алып, оқуды бітірген соң шаңырақ көтердік. Ол кезде Қазақстанның жағдайы қазіргідей емес еді. Жалпы, соғыстан кейінгі туған балалар көп қиындық көріп өсті. Біз мектепке бір мектеп формасын және екі-үш көйлекті ғана ауыстырып киетін едік. Анамыз «істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы» деп жұмсап отыратын. Міне, сол адамдардан көрген тәрбиенің арқасы шығар, қиындықтарды жеңе білдік. Жолдасымызбен бес жылға жуық Алматының әр бұрышында пәтер жалдап тұрдық. Сол алғашқы баламыз пәтерден-



Йоркқа магистратураға түсті. Біраз жерде жұмыс жасады. Екінші қызым осы ҚазҰУ-ды халықаралық қатынастар мамандығы бойынша тәмамдап, магистратураны Голландияда бітірді. Бүгінгі жастар тек бір мамандықпен шектеліп қана қоймайды, жан-жақты болып келеді. Міне, отбасынан басталған тәрбие бертін келе баланың санасына әсер етіп, одан елін сүйетін ұлтжанды тұлға өсті дер едім. Мен жұмысымды да, отбасымды да жақсы көремін.

**Баян апай, сіз әрі мансап жасап үлгергенсіз, әрі отбасына зор мән бересіз. Балаларыңыздың аяулы анасысыз. Қазіргі қыздарға бәрін үлгеру үшін нендей кеңес берер едіңіз?**

Ең алдымен, қыздарға айтарым жинақы, жауапкершілігі мол болуы керек. Мен, мысалы, үздік оқитын қыздарды жақсы көрем. Себебі, «тәрбие – тал бесіктен басталады» дегендей, мектеп қабырғасынан сабақты жақсы оқитын қыздар, олар өзін тәртіпке салып, өзін-өзі тәрбиелеген адам дер едім. Ал, сабаққа үлгерімі төмен студенттердің неге сабағы нашар? Себебі олардың жауапкершілігі төмен. Егер, әрбір уақытын тиімді, дұрыс пайдаланып осы бастан бағдарлап, өзін-өзі дұрыс ұстай білсе, сол адамның алдағы уақытта бақытты, берекелі отбасын құратынын сеніммен айта аламын. Біреулер баспаналары болып бақыттымын дейді, енді біреулер көлігі болып бақыттымын дейді, бірақ ең басты бақыт – ол әйел бақыты дер едім. Бүгінгі жастар соны түсінсе деймін. Сонымен қатар, қыздарға айтар кеңесім, тек қана атаулы осы мейрамда ғана емес, жылдың әрбір минутында, әрбір сағатында, жанұяңызды ыстық ықыласыңыз бен шексіз махаббатыңызға бөлей жүріңіздер!

**Әңгімеңізге рахмет! Отбасыңызда бірлік пен береке болсын!**

Сұхбатты жүргізген  
Айзада ЖОЛДАСОВА

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

**Әлия ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,**  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты,  
аға оқытушы:

**Отбасы деген не? Оның мәні неде? Қоғамда қандай рөл атқарады?**

Отбасы – туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы, яғни бала тәрбиесін жүзеге асырып, некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы. Қоғамның дамуына қарай отбасы да өзгереді. Отан отбасынан басталады десек, отбасы әлеуметтік тұрғыда

толыққанды қамтамасыз етілсе, шаңырақ шайқалмаса мұның өзі отбасының қоғам дамуына қосқан үлесі.

**«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді қазақ. Ендеше бүгінгі ата-ана өз ұрпағына толыққанды, ұлағатты тәрбие беріп жатыр ма?**

Бұл сұраққа қатысты педагогикада тәрбиенің үлгі көрсету әдісі деген әдіс бар. Яғни үлгі көрсету арқылы тәрбиелеу. Әрине, бала көргенін жасайды, ата-ана өзі

үлгі көрсету арқылы тәрбиелейді. Балаға сен былай бол деп айқаннан гәрі өзі үлгі болу керек деп ойлаймын.

**«Отбасының берекесі – имандылықтан басталады» дегенге қалай қарайсыз?**

Отбасының баяндылығы – татулықта, бірлікте. Ал, «бірлік болған жерде тірлік болады». Отбасында зиянды әдеттерден аулақ болса, бір-біріне деген сенімділік орнаса және сабырлық болса, үйдің берекесі арта түседі.

**Отбасын сақтап қалу үшін дәстүрлердің қаншалықты маңызы бар?**

Отбасылық дәстүрлердің ата-ана үшін де, бала үшін де маңызы зор. Мәселен, кейбір отбасыларда қалыптасқан дәстүрлер бар: баланың туған күнін тойлау, серуенге шығу, т.б. Олардың көмегімен отбасындағы байланыс, сабақтастық, ата-ана мен балалар арасындағы жылы қарым-қатынас сақталады.

**Әңгімеңізге рахмет!**

Сұхбаттасқан Айзада ЖОЛДАСОВА



## Сұлтанмахмұт мұрасы – замана айнасы

С. Торайғыровтың қазақ әдебиетіндегі алатын орны ерекше. Ол өзінің қайталанбас туындыларында қазақ ұлтының арман-аңсары мен өр рухын, елдік бітім-болмысын сомдады. Әділдік пен ар-ождан мәселелерін жырлады. Сөз жоқ, халықтың ықыласына бөленген мұндай поэзия үлгілері одан сайын жаңғырып, жасара түспек. Ақынның бірнеше жанрға қалам тартқаны мәлім. Оның атақты романдарынан басқа адам мен қоғам жайындағы философиялық поэмалары, уақыт тынысын айқындайтын мақала-очерктері, шыншыл да сыршыл өлеңдері қаншама. Қамшының сабындай қысқа ғұмырында соншама мол мұра қалдырған ақынға таңданбасқа лажың жоқ.

Сұлтанмахмұт Торайғыров алғашқы өлеңдерінің бірінде:

Шындықтың ауылын іздеп түстім  
жолға,  
Разымын не көрсем де осы жолда.  
Шаршармын, адасармын,  
шалдығармын,

Бірақ та табармын деп көңілін сонда, - деп өзінің алдағы ұстанымын күллі әлемге жария қылды. Бұл оның азаматтық мұрат-мүддесі, болашаққа деген сенімі, асқақ арманы еді.

Сұлтанмахмұттың поэзиясы өмірдің қайшылықтары жайындағы толғаныстардан туады. Бұл жайттар ақынның Абай реализмінен нәр алғанын көрсетеді. Оның шығармаларының терең мазмұны, бояу-өрнегі, өршіл рухы Абай өлеңдеріне жақын. Ол да ұлы ұстазы сияқты қазақтың ауыр халіне, талайсыз тағдырына жаны күйзеле отырып, былай деп жазады:

Анау қырда татар тұр,  
Басқалармен қатар тұр.  
Мынау ойда қазақ тұр,  
Қастарында азап тұр.  
Ұйқысы көп, ояу аз,  
Бұл не деген ғажап тұр.

Жалпы, С. Торайғыров поэзиясы ояну дәуіріндегі (XX ғ. басындағы) қайшылықтар мен әлеуметтік дүмпүлерді, рухани сілкіністерді бейнелейді. Осы кезең әдебиетіндегі ақын-жазушылар елдің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында ағартушылық идеялар үшін білек сыбана отырып бір бағытта отаршылдыққа қарсы күресті. Сондықтан болар, олардың көтерген тақырыптары мен ой-тұжырымдарында жақындық байқалады. Осы қаламгерлердің көпшілігі ұлтының трагедиясын көре

білгені үшін, жоқшылық, надандықтан шығудың жолын іздегені үшін ұлтшылдар қатарына қосылды. Мәселен, Кеңес үкіметі дәуірлеп тұрған кезеңдегі сыншылар қауымы Сұлтанмахмұт өмір сүрген уақыттағы өмір шындығын есепке алмады. «Айтыс», «Таныстыру» поэмаларынан ескіліктің сарқыншағын іздеді, ұлтшылдықпен байланыстырды. Сын мақалалардың авторлары шығарманы талдаудың орнына ақынның шыққан ортасы мен айналасын тілге етіп, жабайы социологиялық қағидаларға бой алдырды.

Сұлтанмахмұттың қазақ әдебиетіндегі ірі тұлға ретінде қалыптасуына Ахмет, Міржақып, Әлихандардың әдеби-сын мақалалары, шығармалары мен зерттеулері зор ықпал етті. Ақпан төңкерісі, патшаның тақтан түсуі, қазақ оқығандарының автономия алмақ ниеті, Алашорда үкіметінің құрылуы сияқты айтулы оқиғалар тұсында Сұлтанмахмұт Семей қаласында болып, «Алаш ұранын» жазды. Халықты алаш туының астында бірігуге, ұлт тұтастығы үшін әрекет жасауға шақырады. «Таныстыру» поэмасында Алашорда үкіметінің көсемдерін елге әйгілеп, олардың отаршылдыққа қарсы күрес жолындағы өлшеусіз еңбектеріне баға береді. Алашорда үкіметінің іс басындағы қайраткерлері Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Ермаков, Х. Ғаббасов, Ж. Ақбайұлы сияқты зиялы азаматтардың да еңбектерін өлеңге қосады. «Сарыарқа» газетіне «Әлиханнның Семейге келуі» атты мақала жазады. Демек, Сұлтанмахмұт Алаш ісіне адал болды, олардың ұстанымын, бағыт-бағдарын барынша қолдады.

Ақынның 1918 жылы денсаулығына байланысты Баянауылға қайтқаны мәлім. Елге барған соң төңкерісшілердің еңбектерімен танысады. 1919 жылы қызыл комиссар, Г. Жигирев дегенмен сөйлесіп, ревком ісіне араласа бастайды. Бірақ көп ұзамай ауруы меңдеп дүниеден озады.

Сұлтанмахмұттың ревком жұмысына қолғабыс етуін «Алаш» партиясынан теріс айналуы деп ұғуға болмайды. 1919 жылы Алаш көсемдері автономияға қол жеткізеді. Сөйтіп жаңа биліктің елдегі ісіне араласып, қолдау көрсетеді.

**Пазылбек БИСЕНБАЕВ,**  
әдебиетші-ғалым,  
қазақ әдебиетінің тарихы және  
әдебиет теориясы  
кафедрасының аға оқытушысы

С.Торайғыров  
«Шығармалар жинағы»,  
1 том, 121 б.

С.Торайғыров,  
Шығармалар жинағы,  
1 том, 116 б.

### Шәкірт ойы

Қараңғы қазақ көгіне  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне  
Күн болмағанда, кім болам?!  
Мұздаған елдің жүрегін  
Жылытуға мен кірермін.  
Еңбек, бейнет тарауы  
Рахатқа сарқылар.  
Қыздырып күннің қарауы,  
Надандық теңізі тартылар.  
Орны отайып, көгерер,  
Қызығын жайлап ел көрер.  
Тұрмыс, тағдыр бірі де  
Бұл мақсұттан бұра алмас.  
Қаһарман Рүстем, Әли де  
Бұрам деп жолда тұра алмас.  
Сыланған жардың күлісі,  
Алдандырмас бірісі.

### Асыл сөз

Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жат тоқып ал көңілге.  
Сөз мәнісін білмесең,  
Өлең оқып не керек?  
Не айтқанын сезбесең,  
Жарапазан не беред?



## Қазақтың келешегіне алаңдаған ақын

Қазақтың ауыр халін шығармаларына арқау етіп, оны тығырықтан шығарудың жолын іздеген, ұлт рухын көтеру үшін түрлі жанрларда жұмыс жасаған ақындар өте көп. Айталық, аталған уақытта бірнеше кітап шығарып үлгірген М. Көпеев, С. Дөнентаев, М. Қалтаев, Б. Ержанұлы т.б шығармашылығында халықтық сарын байқалады. Осындай сарынды С.Торайғыров поэзиясының өн бойынан да табуға болады. Жалынды ақын қарқынды даму жолын таңдайды. Қашанда ілгері басуды, бір қалыпта қалмауды, алға озып көш бастауды қалайды. Қазақ жұрты күллі әлемнен өз орнын ойып алса дейді.

Туғандар, жүрген қандай, жатқан  
қандай,  
Жатқан сайын жамбасқа батқан  
қандай?  
Ақ нұрды жарқыраған от деп ұғып.  
Білмей жатып таспенен атқан қандай?  
Тағы да жүрген қандай, тұрған қандай?  
Көңілді заманаға бұрған қандай?  
«Сақта!» деп қозғалмастан жата беріп,  
Шалшықтай күнге қызып құрыған  
қандай?  
Пітнені үсті- үстіне үйген қандай.  
Мілеттен он тиынды сүйген қандай?  
Қан қайнап, бұл халдердің бәріне де,  
Дәрменсіз дертті болып күйген қандай?  
Сұлтанмахмұттың осы туындысы, менің  
пайымдауымша, көпшілік назарынан  
тыс қалып келеді. Мұнда ақын әрекет -  
амалды, қозғалысты «жату» мен «тұруға»,  
тоқырауға қарсы қояды. Ол қамсыздықты  
қазақты құрдымға апаратын тура жол  
деп біледі. Ол «тәңір жарылқайдымен»  
қоғамның тыныс-тіршілігінен тыс қалған  
жандарды жазғырады. Алайда ақын  
адастырмайтын ақиқат сенімді бағыт  
таппай аласұрады. Ел үстінен күн көрген,  
ұлт мүддесін аяқасты еткен жартыкеш  
жандардың озбырлығына ызаланады. Іш  
қазандай қайнап ашуға ерік бергенімен  
өзінің шарасыздығын сезінеді. Жалпы  
Сұлтанмахмұттың түрлі жанрлардағы  
туындыларында күрескерлік рух  
басым. Оның лирикалық қаһарманы,  
көлемді шығармаларының кейіпкерлері  
әлеуметтік ортадан әділдік, шындық іздеп,  
үнемі әрекет үстінде жүреді.


Ақын шығармаларында халықты оқуға, өнер-білімге үндеу сарыны басым. Әсіресе мектеп есігін аттаған жас талаптарға көп үміт артады.

Үмітпенен жоқ қуған  
Талабы алда баламыз.  
Басқалар жолын тапқанда  
Біздер қайтіп қаламыз.  
Тәуекелге бел бусақ,  
Көрдегіні аламыз.  
Жеткізбей кетер жүйрік жоқ,  
Қусақ бәрін шаламыз.

Бұл жолдарда Сұлтанмахмұттың ағартушылық идеялары анық көрініс тапқан. Сонымен бірге одан елді елең еткізгендей жалынды публицистикалық сарын аңғарғандай боламыз. Оның лирикалық кейіпкерлерінің болмыс бітімі, жаратылысы да ерекше. Олар негізінен қайрат пен жігер, намыс иесі болып келеді. Сұлтанмахмұт адамның келешегі тегеурінді іс-әрекетінде деп біледі. Жеке тұлғаның бойындағы күш-қайратқа сенім артады. Ақынның сөзіне қарағанда тәуекелсіз ешқандай жұмыс бітпейді. Жалпы мұратқа жеткізетін де сол тәуекел. Басқаша айтқанда, бұл – жақсылық көрсең де өзіңнен, жамандық көрсең де өзіңнен деген сөз. Демек, адам тағдыры өз қолында.

**Мәлдір ДӘУКЕН,**  
филология, әдебиеттану және  
әлем тілдері  
факультетінің 1 курс магистранты

Аслан ТІЛЕГЕНОВ,  
жас-ақын, ҚазҰУ студенті:



# Біздің буын — «Қайсардың қағанаты»

**Оқырмандарымызға өзіңіз жайлы, жетістіктеріңіз туралы айта өтсеңіз?**

-Батыс Қазақстанның батысында Жаңақала деген аудан бар. Сол ауданға қарайтын Балдырған деген шағын ғана елді мекенде 1993 жылы өмірге келдім. Балалық шағымның ең қызықты сәттері сол ауылда өтті. Кейін алтыншы сыныптан бастап Айдархан деген ауылға көшіп келдім. 2011 жылы сол ауылда мектепті аяқтап, қазір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінде 3 курста оқып жатырмын.

Белгілі бір мемлекеттік мекеменің мөрі басылған бір бет қағазбен келген жетістіктер көп. Алайда ондай қағаздар әркімнің үйіндегі қабырғаларда ілулі немесе кітап сөрелерінде тұр деп сіз де ойлайсыз. Ал мұны жетістікке жатқызбас едім деп мен ойлаймын. Басты жетістігім – қара шаңырақта оқып жатырмын. Әркімге бұйыра бермейтін бақыт қой. Ал ендігісі әлі алда шығар...

**-Қазіргі таңда балалар мен жасөспірімдерге арналған**

республикалық «Ақ желкен» журналында қызметтесіз. Жетістігім алда дейсіз. Қызметіңіз шығармашылығыңа кедергі келтірмей ме?

-Ешкімге тәуелді болмай, еш жерде жұмыс жасамай, тек қана шығармашылымен болған бір ақын туралы естіген шығарсыз. Ол - Өтежан Нұрғалиев. Ғұмырының соңына дейін өз кітаптарын сатып, соның ақысына талғажау еткен. Әрине, олай да өмір сүруге болады. Бірақ олай етсеңіз, бүгінгі қоғам сізге өмір сүруге мүмкіндік бермес еді. Кеше де солай болған. Талантты адамдар ешқашан өз ажалымен өлген емес. Оны қоғам өлтіреді. Қоғамның «қармағына» ілінбейтіндер – халтурщиктер. Солар бақытты өмір сүреді.

Шығармашылық адамы да өмір сүру керек қой. Оған тамақ жеу керек, су ішу керек, демалу да керек. Сол үшін де жұмыс жасайды ғой. Әйтпесе, сенің бір бет өлең жазғаның үшін ешкім бір бума ақшасын сыйламайды.

**-Қазіргі жастар поэзиясы қай**

бағытта жазылып жатқанын сіз жіті бақылауда ұстап жүрген жансыз. Қазіргі жастар поэзиясы өзіне артылған жүкті қаншалықты көтере алады?

-Филология факультетінде оқимын дедім ғой. Филологияға кейбіріміздің тіліміздің келе бермейтіні болмаса, қазақ тілі мен әдебиетін оқытатын «мекеме» екенін білеміз ғой. Біздің факультетте мыңнан астам студент бар. Үштің бірі ғана басқа тілдің филологиясын оқытын шығар, қалғаны қазақша оқиды. Яғни, қазақтар көп. Бірақ солардың көбі қазақ тілі мен әдебиетін оқып жүрмін деп ойламайды. Рас айтсам. Бірінші курста бәрі ақын боп келеді. Төртінші курста саудагер боп шығады.

Одақта (Жазушылар Одағы – Д.Б) әдеби кештер жиі болып тұрады. Жиі барып тұрамыз. Сонда байқайтыным, Одаққа әрі асса бізден он шақты ғана студент барады. Ал “барахолка” мен «Мегаға» барсақ, көбісі шұбырып сонда жүреді.

Қазіргі белгілі тұлғалардың көбісі ҚазҰУ-дың филология мен журналистика факультетінен түлеп шыққандар. Ертең қандай адамдар шығатынын елестету тіпті

қиын. Әдебиет, әдеби ұйым осындайдан басталады. Студент кезінен қалыптастыру да кеш емес.

Қазіргі жастар әдебиеті алдыңғы буыннан кейін араға біраз уақыт салып барып, келді. Дәстүршілдіктен гөрі жаңашылдықпен танылды. Әрине, ол көп рет айтылған әңгіме. Жастар әдебиетінің басында Е.Жүніс, М.Мәлік, А.Елгезек, Т. Таңжарық, Б.Сарыбай, Қ. Қауымбек, М. Асан, Л.Қоныс, тағы басқа да біраз жас қаламгерлер тұр. Соңғысы Жақсылық Қазымұрат пен Бағашар Тұрсынбайұлы. Одан кейін біраз жігіт-қыздар бар. Яғни, біздің буын. Жалпы, біздің буын – «Қайсардың қағанаты» аталып жүр. «Қағанатымыз» - Қайсар Қауымбек. Кезінде «Жұматайдың қағанаты» дегенді естіген шығарсыз. Бұйырса, осы буыннан да әлі талай қаламгерлер өсіп шығады. Қалыптасқан әдебиетті әрмен қарай дамыту үшін әдеби орта, әдеби ұйымдар мен олардың жұмыстары керек-ті. Сол себепті де әр жерде «қағанаттың» болғаны жөн.

**-Әңгімеңізге рахмет!**

**Сұхбатты жүргізген Д.БАЛАБЕКҰЛЫ**

**Мамыр.**

Тұн.  
Қаз... Ұ... У...  
қалашық...  
ғлым адасқан есінен.  
Тұн-түзу жолдардан адасып,  
Қай жаққа барамын осы мен?!

Қиялдың шындығы –  
қазіргі әні!

О, түңгі көктемнен әдемі:  
Жүректің сөзімен жазылған,  
Көзімде көңілдің әуені.

Шырқалған бір шаттық дәп бүгін,  
(Тұншығып булыққан зар іште)  
О, менің қайдасың, аққуым?  
Тербеле билейік, вальске.

Сен деген... көктемнің қызысын,  
Билейік, қол соқсын жан-жағым.  
Қалашық бәрібір біз үшін,  
Жағды шаршаған шамдарын.

Есіне түстік пе ақылдың,  
Қайырмасындай боп кешкі әннің...?!  
...Мен неге ұйықтап жатырмын?!  
...Мен неге тек сені еске алдым?!

\*\*\*

Сенсіз келер көктемім бар қанша алда,  
Дидарыңды сол көктемде танып ем.  
Жүрегіме мұнша жақын болсаң да,  
Жанарыңнан алыстамын тағы мен.

Алатаудың құрғап жатыр етегі,  
Әлди-әлди... бесік жырды тербетем.  
Ақтөбеге менсіз жолдар кетеді...  
Көктөбеге тағы сенсіз мен кетем.

«Жоқ, амалым, қалқатайға айт хабар», -  
Оған бәлкім естілген де жоқ үнім.  
Құнбатысқа сап түзеліп қайтты олар,  
Құс та болғым келіп кетті, о, бүгін!

Жүрегімнен тамшы-тамшы жас тама  
шын сағндым,  
Жүрегіңмен сез мұны.

Кездеспейтін екеуімізден басқаға,  
Мына көктем – кездесудің мезгілі.

Ертең сенің мерекен ғой,  
ал, міне...  
(қайтем күнім, өлеңіме мұң болсаң)  
Сезім жәйіл айтылмайды әңгіме,  
Гүл дүкеннен алынбайды бір раушан.

Мерекені қарсы аласың сен менсіз,  
Дал мені де қуантпайды көңілді ой.  
Мына көкте-е-ем,  
О-о-о, не деген, көргенсіз,  
Кешіріңіз, кінәлі оған –  
Өмір ғой!

\*\*\*

Жаныма жақын осы өлең,  
Махаббатымның айт әнін.  
Сені іздеп жүрген көшеден,  
Осыны сәулем, байқадым:

Көргендер шығар, е, бәлкім,  
Менен де кетті ес мүлде,  
Танымай қалды сені әркім,  
Білмеймін деді ешкім де.

Есіме мұрның түскені...  
Айтылмай күздің қалды әні...  
«Таптайсың, онда, іші» деді,  
О. Хаям шалдың әруағы.

«Жаныма жақын осы өлең,  
Махаббатымның айт әнін»  
Сені іздеп кеткен көшеден,  
Өзімді сүйреп қайтамын.



\*\*\*

«Сен мені сүйесің бе» деп сұрашы,  
Сұрашы,  
оның ешбір жоқ кінәсі.  
Көзімнің көкке тамып кетті жасы,  
«Сен мені сүйесің бе» деп сұрашы.

Жауабын білемін ғой тек қана мен,  
Бір сәтке қалғанында тоқтап әлем.  
Кеудемді қарс айырып кіре сала  
Сол сәуле... жүрегіме жеткен әрең...  
Жауабын білемін ғой тек қана мен.

«Сен мені сүйесің бе» деп сұрашы...

# Жазғы демалысты қалай өткіздің, замандас ?!

**Дина ТӨЛЕГЕНОВА,**  
Механика-математика факультетінің  
3-курс студенті:

Жадыраған жазда ата-анам мен туған жерімді аңсап ауылға бардым. Сағынышымды ерекше көңіл күймен жалғастырып, қуанышқа толы жүрегімді табиғаттың үнімен байланыстырдым. Туған елдің топырағында жүргенге не жетсін! Міне, сол қасиетті ауылда демалыстың сәтті күндерін кітап оқумен бастадым. Математика саласы- кітапты көп оқуды қажет етеді. 3-курста меңгеретін барлық пәндерді біліп, сол салада ізденістер жасадым! Оқыдым... Білуге талпындым... Өз жобаларымды іске асырып, көкейдегі сұрақтарға жауап алдым...

Математикалық кітаптарды ғана емес, көркем шығармаларды да оқып, әдебиетке деген талпынысымды арттырдым. Айта кетерлік қызықты тұсы, 11-сыныпта

аяқсыз қалған ғылыми жобамның сұлбасын қайта жасап, тереңірек зерттедім. Сонымен қатар, інім мен сіңлімнің де математикалық білімдерін молайтып, оқуда озат болуларына өз септігімді тигіздім! Білім саласымен айналысып қана қоймай, туған жердің көркем жерлерін аралап, есте қалардай күндер өткіздім.

Үш ай демалыс та көзді ашып-жұмғанша өте шықты. Дегенмен, Алматыдан ауылға оралғанымда білім мен мәдениеттің қара шаңырағына айналған, екінші туған мекеніміздей болған Қазақ ұлттық университетіне деген қимастық болғанын жасырмаймын. Білім берген оқытушыларым мен 2 жыл қатар жүрген, бірге ойнап, бірге күлген достарымды көрердегі толқыныспен асығыстықты, сағынышты айтып жеткізе алмаймын! Келесі жылға демалыс күндерді де қызықты өткіземін деген сенімдемін! Барлық ҚазҰУ студенттерін жаңа оқу жылымен құттықтап, шығармашылық табыс тілеймін, білімдеріңіз шыңдала түссін!



**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
Журналистика факультетінің студенті:

Әсіресе, жылына бір рет осылай өзінді еркіндікке салып, табиғаттың төсінде, тамылжыған жазында тынығып, бой сергіткенге не жетсін!

Сүйе білсең, табиғат - сұлулыққа тұнып тұр. Рас, сол сұлулықтың бір бөлшегіне табанымыздың қалай тигенін де байқамай қалыппыз. Алдымыздан күн сұлумен сырласып телегей - теңіз жатыр. Бейнебір көк аспан жерге төңкеріліп түскендей. Әлде көк аспанның дәл көшірмесі ме?! Мүмкін көк аспан мен күлімдеген күнмен жұптасқан



ғашықтар мекені болар. Анығы Жетісудың інжу-мәржаны, Шығыстың шұғылалы сұлулығы саналатын сұлу Алакөл көлі еді.

Талай аңызға арқау болған сол Алакөл жазғы демалысының сәні болды. Оның мәні де, айнадай аясы, жұпар ауасы, қаратамақ шағаласы, бәрі-бәрі көңілдің түкпіріне ұя салып, өзіндік әсемділігімен жүректерде жетпеді. Сұлу табиғаттың аясында демалып қайтқан күндерім көңілімде әлі күнге дейін көктемдей самалын тербетіп жүргені жасырын емес...

**Ақбота САЛҒАРАЕВА,**  
Экономика және бизнес  
Жоғары мектебінің 2-курс студенті

Өмірімдегі ең үлкен бақытты сәт - ұлттық университеттің табалдырығын аттаған балауса балғын кезім болса, студенттік өмірдің қызығымен шыжығынан бас алмаған оқу ордасындағы әрбір кезең мен үшін қайталанбас тіршіліктің қайнар көзі. ҚазҰУ - студенттік өмірдің қайнаған ортасы екенін ескерсек, белсенді студенттердің бар жасаған еңбегі ҚазҰУ-дың көркеюіне тікелей байланысты. Осы орайда белсенді студенттердің жазғы демалысын қызықты өткізу мақсатында қырғыз елінің "інжу-мәржаны" саналатын Ыстықкөлде орналасқан оқу-сауықтыру лагеріндегі өткізген күндер өміріміздің соңына дейінгі ұмытылмас сағым уақыт



болар.

Университетіміздің ректоры Ғалым Мұтанұлының бастауымен өткізілген іс-шаралар демалушылардың көңілінен шықты. Атап айтар болсақ, "Нептун күніне" арналған концерт, би кештері, "День наоборот" тағы да басқа бағдарламалар мен қызықты ойындар өз дәрежесінде студенттердің жүрегінен жол тапты.

Жыл сайынғы дәстүрлі өтетін Ыстықкөлге сапарымызға ҚазҰУ-дағы әрбір студентті елең етпей қоймасы анық. Жадыраған жаздың күндерінде студенттердің көңілін көтеріп, тегін жолдамамен қамтамасыз еткені үшін университет басшылары мен "Сұңқар" студенттер кәсіподағына алғысым шексіз.



Демалыстағы Дина Төлегенова

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілші – Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Корректорлар: Гүлжан РУСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекен-жай: kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.

**Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 10946**

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен қолжазба материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.